

ДЕРБЕС БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ БАС КЕЛІСІМ

Осы Дербес банктік қызмет көрсету туралы бас келісім (бұдан әрі — Келісім) «Jusan Bank» АҚ-ның (бұдан әрі — Банк) клиенті(-тері) болып келетін жеке тұлға(ларға) дербес банктік қызмет көрсету бойынша қызметтер кешенін көрсету тәртібін және Банкпен жасалған кез келген шарттардың/талаптардың негізінде алынған осындай қызметтердің (бұдан әрі — Қызметтер) шеңберінде Клиенттердің банктік операцияларды жүргізу тәртібін реттейді.

Келісім Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның шарттары Клиенттің (Клиенттің уәкілетті өкілінің) өз қолы қойылған осы Келісімге қосылу туралы Өтініштің (осы Келісімнің 1-қосымшасы) (бұдан әрі — Өтініш) негізінде жалпы осы Келісімге қосылу арқылы Клиентпен қабылдану мүмкін. Банк және Клиент туралы мәлімет Өтініште көрсетіледі. Банк Өтініште тиісті белгілер қойғаннан кейін Өтініш қабылданған, ал Келісім Клиентпен жасалған деп саналады. Бұл ретте, Өтініш пен Келісім бірыңғай құжат ретінде ғана қарастырылады.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Келісім Клиентке Қызметтерді көрсетудің, соның ішінде, банктік операцияларды жүзеге асырудың жалпы шарттарын қамтиды. Нақты Қызметті көрсетудің және (немесе) белгілі бір операцияны жүзеге асырудың елеулі және өзге талаптарын Банк белгілейді және, қажет болған жағдайда, Клиент өзінің өтініштеріндегі/нұсқауларындағы Банктің тиісті белгілеріне/растамаларына сәйкес келетін Клиенттің өтініштерінде/нұсқауларында, ал қажет болса — шарттарда/қосымша келісімдерде белгілейді. Өтініштер/нұсқаулар немесе тиісті шарттар/қосымша келісімдер нысандарын Банк белгілейді. Банктің тиісті белгісі/растамасы қойылғаннан кейін Қызметті көрсету жөніндегі Клиенттің ұсынған әрбір өтініші/нұсқауы, шарт/қосымша келісім Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Банк Клиентке Банк қызметкерлерінің арасынан Дербес менеджерді (бұдан әрі — Дербес менеджер) белгілейді.

3. «VIP» мәртебесі Клиентке Банктің тарапынан бекітілген критерийлердің негізінде тағайындалады.

4. Дербес менеджер Банктің көрсететін Қызметтері және оларды жүргізу тәртібі туралы Клиентке кеңес береді; Клиенттің өтініштерін қабылдайды және олардың уақытылы орындалуын бақылайды.

5. Банктік шоттарды ашу рәсімін және олар бойынша барлық операцияларды Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына, Халықаралық төлем жүйесінің жұмыс істеу ережелеріне, Жеке тұлғаға банктік қызмет көрсетудің кешенді шартына және Банк пен Клиент арасында жасалған басқа да келісімдерге/шарттарға қатаң сәйкестікте орындайды.

6. Клиенттің өтініші бойынша және Келісімнің шарттарында Банк Клиенттің отбасы мүшелеріне Қызмет көрсете алады. Қызметтерді пайдалану үшін отбасы мүшелеріне Өтініштің негізінде Келісімге қосылу қажет. Бұл ретте, Клиент Өтініште мәлімдейтін тұлғалардың саны Банктің тарапынан белгіленген лимиттерден аспау тиіс. Осыған қоса, Клиенттің отбасы мүшесі Келісімге қосылу күніндегі жай-күйге қарай кез келген банктік өнім аясында Банктің Клиенті болуға тиіс.

1. Клиенттің Банкпен өзара есеп айырысуы

7. Келісімге сәйкес Қызметтерді көрсеткені үшін Банк Қызметтерді көрсету кезіндегі Банктің қолданыстағы тарифтеріне (бұдан әрі — Банк тарифтері) сәйкес комиссиялық сыйақыны өндіріп алады.

8. Банктің Қызметтерді көрсеткені үшін өндірілетін тарифтерін Банк өзінің www.jusanbank.kz корпоративтік сайтында, Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша жайларында орналастырылады.

9. Банк тарифтерінде қарастырылған мөлшердегі Қызмет үшін комиссиялық сыйақы Клиенттің тарапынан Келісімді жасау күнінде немесе Банк тарифтерінде көзделген басқа күні Клиенттің Өтініште белгіленген Банктегі ағымдағы шотында қамтамасыз етілу тиіс.

10. Келісім бойынша Банк көрсететін Қызметтер үшін төлем (комиссиялық сыйақы төлемі) Банктің тарапынан Өтініште белгіленген Клиенттің Банктегі ағымдағы шотынан және Банкте ашылған басқа банк шоттарынан ақшалай қаражатты алу (есептен шығару) арқылы жүзеге асырылады. Клиент Банкке Келісімде қарастырылған жағдайларда Клиенттің Банкте ашылған кез келген банк шоттарынан тікелей дебеттеу арқылы ақшалай қаражаттың есептен шығарылуына өзінің сөзсіз әрі кері қайтарылмайтын келісімін береді. Клиенттің банк шоттарынан қаражат сомасын (Клиенттің міндеттеме валютасынан) басқа валютада алу (есептен шығару) Банктің қалауымен алынған валютаның Банк тарапынан белгіленген сату немесе сатып алу бағамы бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте, тарифтерге сәйкес конвертациялау үшін Клиенттің есебінен комиссия сомалары (соның ішінде, конвертация үшін конвертацияланған сомадан комиссия ұсталған кезде) алынады.

11. Келісімнің қосымша келісінде немесе Келісімнің аясында жасалатын тиісті шарт, не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі қарастырылмаған жағдайда, Банк Қызметтер үшін өндірілетін тарифтердің мөлшерін өзгертуге, сондай-ақ, оларды арттыруға құқылы.

2. Хабарламалар

12. Банк Қызметтерді көрсету шарттарының (соның ішінде, кредиттік лимиттің), Банк тарифтерінің және Келісімнің басқа ережелерінің өзгеруі туралы Банк пен Клиент арасында жасалған келісімдерде, Өтініште белгіленген тәсілдердің кез келгенімен немесе Банк филиалдарының операциялық залдарында немесе олардың қосымша жайларында тиісті хабарламалар орналастыру арқылы, сондай-ақ, www.jusanbank.kz мекенжайы бойынша Банктің корпоративтік сайтында ақпаратты орналастыру (егер бұл тиісті қызметке немесе өзгертуге/тоқтатуға қолданылса) арқылы хабарлайды.

13. Клиенттің деректері, тұрғылықты мекенжайы, электронды пошта мекенжайы, телефон нөмірі, жеке куәландыру құжаты өзгерген кезде, Клиенттің банктік шоттарына иелік ету немесе Клиенттің атынан өзге операцияларды жасау құқығын үшінші тұлғаларға ұсынған кезде, осындай тұлғалардың өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде, Клиент Келісімнің 2-қосымшасына сәйкес Банкті бұл туралы жазбаша түрде немесе Тараптармен келісілген басқа байланыс құралдары арқылы хабардар етуге және 1 (бір) жұмыс күннің ішінде осындай өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті. Клиент хабарлау тәртібін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк Клиентке келтірілуі мүмкін залал үшін жауапкершіліктен босатылады.

14. Банк электронды мекенжайларының/мобильді телефон нөмірлерінің өзгеруі туралы немесе Дербес менеджерінің/Банктің қызмет көрсету бөлімшесі басшысының ауысуы туралы Клиентке 10 (он) жұмыс күннің ішінде Келісімнің 3-қосымшасында белгіленген нысан бойынша электронды поштамен/SMS-хабарламамен/қолға табыс етумен (Банктің қалауы бойынша) хабарламаны жолдау арқылы хабарлайды.

II. НҰСҚАУЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР

15. Клиенттің нұсқаулары заңнама/Банк белгілеген нысандарға сәйкес жазбаша түрде ұсынылу тиіс, оларға Клиенттің қолы қойылу/олар Клиент тарапынан расталу тиіс және олар Келісімнің шарттарына немесе Клиент пен Банк арасында жасалған басқа да шарттарға және

Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеу тиіс. Нұсқаулар ұзақ мерзімді (соның ішінде мерзімді/тұрақты негізде операцияларды жүргізу) және бір реттік сипатта болу мүмкін.

16. Клиент төмендегі тәсілдермен келесідей қызметтерге қашықтықтан өтініш білдіру мүмкіндігін пайдалануға құқылы:

1) төлем карталары бойынша шектеулерді/лимиттерді тәулік бойы алып тастау/өзгерту/қалпына келтіру қызметтері;

2) инкассация қызметтері (Клиенттың қаражатын жинау/қолма-қол ақшасы және құндылықтары бар Клиентпен бірге ілесіп жүру):

- мекенжайы осы Келісімнің 1-қосымшасында көрсетілген электронды поштаға Келісімнің 4-қосымшасына сәйкес Дербес менеджердің және Банктің қызмет көрсету бөлімшесінің басшысының жұмыс электронды мекенжайына хабарлама жіберу;

- Келісімнің 1-қосымшасында көрсетілген жеке мобильді телефоннан (бұдан әрі — жеке мобильді телефон) Келісімнің 4-қосымшасында көрсетілген Дербес менеджердің корпоративтік мобильді телефонына (бұдан әрі — Дербес менеджердің корпоративтік мобильді телефоны) қоңырау соғу;

- Дербес менеджердің корпоративтік мобильді телефонына жеке мобильді телефоннан SMS немесе Интернет желісіне қосылу арқылы хабарламалармен алмасуға мүмкіндік беретін мобильді телефондарға арналған қосымшалар («WhatsApp», «Viber», «Telegram» және т.б.) арқылы хабарламаларды жіберу.

Осы тармаққа сәйкес алынған сауалды одан әрі орындау үшін Клиент хабарламасында/мобильді телефон арқылы қоңырау соғу кезінде Клиентпен Келісімнің 1-қосымшасында көрсетілген код сөзін Дербес менеджерге хабарлауға тиіс.

Клиент өтініште жаңа код сөзін көрсету арқылы код сөзін ауыстыруға құқылы.

Төлем карталары бойынша шектеулерді/лимиттерді тәулік бойы алып тастау/өзгерту/қалпына келтіру мәселелері бойынша жазбаша хабарлама мәтіні Келісімнің 5-қосымшасына сәйкес болатын нысан бойынша ресімделеді.

17. Клиент Келісімнің 16-тармағына сәйкес жіберілген оның хабарламасы негізінде төлем карталары, ағымдағы және жинақ ақша шоттары бойынша шектеулерді/лимиттерді алып тастаудың/өзгертудің/қалпына келтірудің мүмкін салдары үшін Клиент жауапкершілікте болады.

18. Клиенттің өкілі өтініш білдірген жағдайда, нұсқауды қабылдау және операцияларды жүзеге асыру өкілдің осындай нұсқауды беруге және тиісті операцияны жүзеге асыруға өкілеттіктерін растайтын сенімхаттың немесе басқа құжаттың және өкілдің жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың негізінде Банктің тарапынан жүргізіледі.

19. Клиенттің нұсқаулары Банктің операциялық күнінің ішінде қабылданады. Осы Келісімнің 16-тармағына сәйкес Қызметтерді көрсету аясында алынған нұсқауларды қоспағанда, Банктің операциялық күні аяқталғаннан кейін берілген Клиенттің нұсқаулары келесі операциялық күні қабылданды деп есептеледі.

20. Банкпен ерекше қатынастармен байланысқан тұлғаларды/Банктің байланысты тараптарын қоспағанда, Клиенттің шетел валютасын жеке бағам бойынша конвертациялау жөніндегі нұсқауларын Банк осы Келісімнің 6-қосымшасына сәйкес қабылдайды, бұл ретте, Клиент сатып алынған валютаны конвертациялау күніндегі нарықтық сауда-саттық нәтижелері бойынша қалыптасқан валюта бағамына қарамастан қабылдауға міндеттенеді.

21. Банк Клиенттің нұсқауларын келесідей жағдайларда орындамайды:

1) операцияға Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған;

2) төлем құжаты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуымен ресімделген;

3) төлем құжатында төлем деректемелері бұрыс немесе толық емес көрсетілген;

4) төлем құжатының (нұсқауының) рұқсат етілмеген ретінде танылуына жеткілікті негіздер бар;

5) төлем карталары бойынша шектеулерді/лимиттерді тәулік бойы алып тастау/өзгерту/қалпына келтіру аясында қызметті алу жөніндегі сауалы қамтылған хабарлама Келісімнің 16-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді;

6) Клиенттің шетел валютасын жеңілдікті бағам бойынша конвертациялау жөніндегі нұсқауы Клиенттің өтініші бойынша Банк валюта сатып алғанға дейін Клиенттің бастамасы бойынша кері қайтарып алынды.

III. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

22. Еңсерілмейтін күш жағдайларының пайда болуының салдарынан болған кезде Тараптар Келісім бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағандары үшін жауапкершіліктен босатылады.

23. Еңсерілмейтін күш жағдайларына Тараптардың бақылауынан тыс кез келген жағдайлар, солардың ішінде, өзгесін қоспағанда: бағдарламалық жасақтаманың жаңылыстары, электр қуатының сөнуі, әскери жанжалдар, табиғи апаттар, өрттер, Келісімнің орындалуына қандай да бір жолмен кедергі келтіруі мүмкін Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдарының, солардың ішінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің актілері жатады.

IV. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

24. Клиент Банктің тарапынан көрсетілетін Қызмет кешенін толық немесе оның кез келгенін жеке пайдалануға құқылы. Бұл ретте, Қызметтер Банк Клиенттің өтінішін/нұсқауын қабылдағаннан кейін немесе, қажет болған жағдайда, Тараптар Келісімнің тиісті қосымша келісіміне және (немесе) өзге шартқа қол қойған сәттен бастап көрсетіледі.

25. Клиент біржақты бас тартудың болжалды күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем болмайтын мерзімде Банкке жазбаша хабарлама жолдау арқылы Келісімді орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы. Осындай кезде Тараптар арасындағы толық есеп айырысуды жүзеге асыру шартымен (Банкке ұсынылған қызмет көрсету өтінішінде/шартында Қызметтің көрсетілуін тоқтатудың өзге тәртібі қарастырылмаған жағдайда) Келісім хабарламада көрсетілген күннен бастап өз әрекетін тоқтатады. Келісімнің аясында банктік қызметтердің жекелеген түрлерін ұсыну шарты жасалған жағдайда, Келісімнің әрекет етуі тоқтатылған кезде тиісті шарт Тараптар ол бойынша міндеттемелерін толық орындамағанша күшінде бола береді.

26. Банк келесідей жағдайларда Келісімді орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

- Клиенттің «VIP» мәртебесіне жатқызу критерийлеріне сәйкес келмеуі кезінде Банк біржақты бас тарту күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кем болмайтын мерзімде Клиентті жазбаша түрде хабардар етеді;

- Банкке оған репутациялық немесе өзге де тәуекелдерді тудыратын Клиент туралы жағымсыз ақпарат белгілі болған жағдайда, Банк біржақты бас тарту күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кем болмайтын мерзімде Клиентті жазбаша түрде хабардар етеді. Банк Клиент туралы қандай ақпараттың оған репутациялық немесе өзге де тәуекелдерді тудыратынын өз бетімен анықтайды;

- Клиент Банктің Қызмет үшін комиссиялық сыйақы төлемін 60 (алпыс) күнтізбелік күннің ішінде кешіктірген жағдайда, Банк біржақты бас тарту күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем болмайтын мерзімде Клиентті жазбаша түрде хабардар етеді;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, Банк біржақты бас тарту күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кем болмайтын мерзімде Клиентті жазбаша түрде хабардар етеді.

Банк Клиенті келесідей кез келген тәсілмен (Банктің қалауы бойынша) хабардар етеді: электронды пошта/SMS-хабарлама/қолға табыс ету арқылы хабарлау.

27. Банктің құқықтары:

1) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте операция жүргізуден бас тарту.

2) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған негіздер бойынша және тәртіпте Келісімді

орындаудан бас тарту. Сондай-ақ, Клиенттің Қызметтерді қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру, не болмаса санкциялық шектеулерден жалтару ниетімен пайдаланатыны туралы тұжырымдама жасау негіздері болған кезде бас тарту. Банк шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде Келісімнің деректемелерінде көрсетілген Клиенттің мекенжайы бойынша Келісімді (толық) орындаудан бас тарту туралы хабарламаны электронды түрде немесе пошта арқылы (Банктің қалауы бойынша) жібереді. Келісім хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып саналады, бұл ретте, Тараптардың арасында қандай да бір келісімдер жасасу талап етілмейді.

28. Банк Келісімге өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізуге құқылы. Банк Клиентті Келісімге енгізілген өзгерістер және (толықтырулар) жайында Банктің www.jusanbank.kz Интернет-ресурсына ақпаратты орналастыру арқылы, сондай-ақ, ақпаратты Банктің филиалдарында көзге көрінетін жерге орналастыру арқылы осындай өзгерістердің және (толықтырулардың) енгізілуіне дейін 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде хабардар етеді.

Сонымен қатар, Келісімнің күшінде болу мерзімінің барысында Банк Өтініште көрсетілген Клиенттің отбасы мүшелерінің санына қатысты лимиттерді және «VIP» мәртебесін тағайындау критерийлерін өзгертуге құқылы. Клиенттің отбасы мүшелерінің санына қатысты лимиттердің және «VIP» мәртебесін тағайындау критерийлерінің өзгертілгені туралы Банк Клиентті осындай өзгерістерді бекіткен сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей келесідей кез келген тәсілмен (Банктің қалауы бойынша) хабардар етеді: электронды пошта/SMS-хабарлама/қолға табыс ету арқылы хабарлау.

29. Клиент Келісімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы Клиентке хабарланған күннен бастап 10 (он) жұмыс күннің ішінде Банкке енгізілген өзгерістерді және (толықтыруларды) ескерумен Келісім талаптарын қабылдамау туралы өтініш ұсынбаған жағдайда, Клиент Келісімнің жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен келісті және енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескерумен оған толық қосылды деп саналады. Клиент аталмыш өзгерістерді қабылдамаған жағдайда, Клиент Келісімнің 25-тармағында қарастырылған тәртіпте Келісімді бұзуға құқылы.

30. Келісімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін ол өзгертілген/толықтырылған түрде өзінің әрекет етуін жалғастырады.

V. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

31. Банк Келісімнің талаптарын орындамағаны/тиісті түрде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жауапты болады.

32. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын операциялардың заңға сәйкес болуы үшін жауапты болады, сондай-ақ, Банкке беретін құжаттардың дұрыс болуы үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

33. Банк Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың түсініксіз, толық немесе анық емес нұсқауларының нәтижесінде және Банктің бақылауынан тыс өзге себептер бойынша туындаған Келісім бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамаған үшін Клиент алдында жауапты болмайды.

34. Банк Клиенттің Келісімде қарастырылған талаптарды орындамағаны немесе тиісті түрде орындағаны себебінен Клиентке келтірілген залал үшін жауапты болмайды.

35. Кез келген жағдайда Келісімнің талаптарын бұзу кезінде Банктің жауапкершілігі Банктің заңсыз әрекетімен/әрекетсіздігімен Клиентке келтірілген нақты зиян мөлшерімен шектеледі.

36. Клиент Келісімге қол қою арқылы Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте, құпия негізінде, Банкпен шарттар/келісімдер жасаған немесе Банкпен, Банктің акционерлерімен және (немесе) Банктің үлестес тұлғаларымен үшінші тұлғалардың қызметтерді (кеңес беру, заң, аудиторлық және басқа қызметтер) көрсетуі үшін жалданған немесе болашақта жалданатын кез келген үшінші тұлғаларға Келісімнің негізінде Клиент туралы мәліметтер мен ақпаратты және Келісімнің талаптары туралы ақпаратты, сондай-ақ, Клиентке және (немесе) Келісімге қатысы бар ақпаратты, соның ішінде, банктік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын өзге де ақпаратты беруіне уәкілеттік беретінін және Банкке тиісті жазбаша келісімін

беретінін растайды. Бұл ретте, аталған ақпарат пен мәліметтер көрсетілген үшінші тұлғаларға Банкке, Банктің акционерлеріне және (немесе) Банктің үлестес тұлғаларына Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде Банктің өз қызметін жүзеге асыруына сай болатындай етіп, тиісті түрде қызмет көрсетуі үшін қажетті және жеткілікті көлемде ұсынылады (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, мемлекеттік кірістер органына есептер/есептілік/ақпарат беру, сондай-ақ, осындай ақпарат/мәліметтерді ұсыну қажеттілігі/міндеті бар/туындайтын басқа жағдайлар).

37. Келісіммен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен және Банкпен жасалған өзге шарттармен/келісімдермен реттеледі.

38. Тараптар арасында туындаған барлық даулы мәселелер өзара мүдделерін ескерумен келіссөздер арқылы шешіледі.

39. Келіссөздер жолымен реттелмеген Келісімге байланысты барлық даулар талапкердің/арыз берушінің таңдауы бойынша Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында (Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес ерекше соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда) қарастырылу тиіс.

40. Келісімге қатысты барлық Қосымшалар (солардың ішінде, Қызметтерді алу туралы өтініштер) оның ажырамас бөлігі болып табылады және Банк оларды орындау үшін қабылдаған кезде күшінде болады. Банктің өтінішті орындау үшін қабылдауы Банктің жауапты тұлғаларының қол және мөртабан қоюымен расталады.

41. Келісім тұрлаусыз мерзімге жасалады. Келісім Келісімде қарастырылған тәртіпте кез келген Тараптың бастамасымен бұзылу мүмкін.

42. Келісімнің талаптары Келісімнің аясында жасалған нақты шарттың талаптарына қарама-қайшы болған жағдайда, Тараптар тиісті шарттың талаптарын басшылыққа алады.

VI. БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«Jusan Bank» АҚ

А26F8T9, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Нұрсұлтан Назарбаев д-лы, 242-үй

БСН 920140000084

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дегі

ЖСК KZ48125KZT1001300336

БСК TSESKZKA

БЕК 14

КҰЖЖ КОДЫ 199247930000

**Дербес банктік қызмет көрсету туралы бас келісімге қосылу туралы
өтініш**

Төмендегі өтінішті мүмкіндігінше толық толтыруыңызды өтінеміз. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, сіздің осы өтініште көрсеткен деректеріңіздің құпия сақталуына кепілдік береді.

Жеке деректер:

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Тегі мен атының латын әріптерімен жазылуы _____

Жеке куәландыру құжаты: _____,

берілген күні және органы _____ ж.

ЖСН _____

Код сөзі _____

Байланыс деректері:

Тұрғылықты мекенжайы _____

Моб.тел. _____ Үй/жұм.тел. _____

Факс: _____ E-mail: _____.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес, осы Қосылу туралы өтініш арқылы Дербес банктік қызмет көрсету туралы бас келісімнің (бұдан әрі — Келісім) Қосылу туралы өтінішке қол қою күніндегі жай-күйге қарай Банктің www.jusan.kz корпоративтік веб-сайтында орналастырылған редакциясындағы талаптарын қабылдаймын және төмендегілерді растаймын:

- 1) Келісімді оқып шығып, ешбір ескертулерсіз және қарсылықсыз толық көлемде қабылдадым және Келісімнің мазмұнында менің ақылға қонымды мүдделеріме байланысты қабылданбайтын, мен үшін қандай да бір ауыртпалықты талаптар жоқ;
- 2) осы Қосылу туралы өтініш пен Келісім жиынтықта бір құжат болып табылады;
- 3) егер Банкте осы Қосылу туралы өтініш бар болса, менің Келісімді оқымағаным/қабылдамағаным дәлел ретінде Келісімде менің қолымның қойылмауына сілтеме жасауға құқығым жоқ;
- 4) Филиалдың атауын; Филиал/қосымша жай мекенжайын көрсетіңіз қызметін пайдалануға келісемін.
- 5) Банк тарифтер, Келісім бойынша банктік қызметтерді ұсыну шарттары, Келісім бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер туралы, Келісімді жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесі туралы жеткілікті ақпарат ұсынды;
- 6) осы Өтінішке қол қою күнінде мен Жеке тұлғаға банктік қызмет көрсетудің кешенді шартына қосылдым және оның шарттарын қабылдадым.

Клиент ақылы негізде қызмет алған жағдайда, Банк тарифтерінде қарастырылған Келісімге сәйкес дербес банктік қызмет көрсету үшін Банктің жыл сайынғы комиссиялық сыйақысын менің Банкте ашылған № _____ ағымдағы шотымнан алып отыруыңызды сұраймын.

«VIP» мәртебесі Клиентке келесідей критерийдің негізінде тағайындалған: _____

(критерий сипатталады)

Клиенттің «VIP» мәртебесінің критерийлеріне сай болмауы сәтінен бастап 3 (үш) ай өткеннен кейін Клиент Бөлшек бизнесі сегментіне қызмет алуға өтеді немесе Банк тарифтеріне сәйкес VIP орталығында/Premium кеңсесінде дербес қызмет көрсету үшін комиссиялық сыйақыны төлейді.

Келісімде белгіленген тәртіпте Келісімге қосылғаннан кейін Келісім шарттарында келесідей тұлғаларға жеке қызмет көрсетуіңізді сұраймын:

1. Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Туыстығы _____
Қосылу күні _____
Күшін жою күні _____

3. Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Туыстығы _____
Қосылу күні _____
Күшін жою күні _____

5. Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Туыстығы _____
Қосылу күні _____
Күшін жою күні _____

2. Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Туыстығы _____
Қосылу күні _____
Күшін жою күні _____

4. Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Туыстығы _____
Қосылу күні _____
Күшін жою күні _____

6. Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Туыстығы _____
Қосылу күні _____
Күшін жою күні _____

Банкке кез келген ақпараттық материалдарды (солардың ішінде, хабарламаларды, менің Банкте ашылған шоттарым бойынша жүргізілген операциялар туралы мәліметтерді) *(қажеттісін белгілеңіз):*

- мен Банкте болған кезде жеке өзіме табыстауға;
- осы Өтініште көрсетілген электронды мекенжай (E-mail) бойынша жолдауға;
- осы Өтініште көрсетілген абоненттік нөмірге SMS хабарламасы түрінде жолдауға;
- осы Өтініште көрсетілген телефон нөміріне факсимильдік байланыс арқылы жолдауға;
- осы Өтініште көрсетілген мекенжайға курьер арқылы жолдауға рұқсат беремін.

Осымен Өтініштің осы тармағына сәйкес ашық байланыс арналары арқылы Банк жолдаған ақпаратты үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алуы тәуекелін түсінетінімді және қабылдайтынымды растаймын.

Менің осы Өтініште көрсеткен ақпараттың толық және дұрыс екенін растаймын.

Келісім, Өтініш мәтіні бойынша ескертуім және қарсылығым жоқ.

Клиент (Т.А.Ә.) _____

√ _____
Клиенттің қолы

Өтінішке қол қою күні

күні айы жылы

Банктің Өтінішті қабылдау туралы белгісі (бұл бөлімді Банк қызметкері толтырады)

Банктің уәкілетті қызметкері _____
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Мөртабан орны

*Дербес банктік қызмет көрсету туралы бас келісімнің
№ 2 қосымшасы*

___(күні)___ жылғы хабарлама!

Мен _____ (Т.А.Ә.) _____ «First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамына мобильді телефон нөмірімнің _____ (жаңа нөмірді көрсетіңіз) _____ /нөміріне/жеке электронды пошта мекенжайымның _____ (жаңа электронды пошта мекенжайын көрсетіңіз)/мекенжайына/тұрғылықты мекенжайымның _____ (жаңа тұрғылықты мекенжайды көрсетіңіз)/ мекенжайына/жеке куәландыру құжатымның _____ (құжаттың жаңа деректерін көрсетіңіз) / құжатына өзгергені/өкілеттіліктердің ұсынылғаны немесе мерзімінен бұрын күшін жойғаны туралы хабарлаймын.

Өз қолыммен жаздым _____ (қолы) _____.

Дербес банктік қызмет көрсету туралы бас келісімнің
№ 3 қосымшасы

___ мырзаға/ханымға (Клиенттің тегі және инициалдары көрсетіледі)

___ (күні) ___ жылғы хабарлама!

Құрметті _____, «Jusan Bank» АҚ сізге Дербес менеджер/Қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы _____ (ДМ/ҚКББ Т.А.Ә.) қызметтік электронды пошта мекенжайының _____@_____ мекенжайына өзгергені туралы хабарлайды.
Ізгі ниетпен, «Jusan Bank» АҚ

___ мырзаға/ханымға (Клиенттің тегі және инициалдары көрсетіледі)

___ (күні) ___ жылғы хабарлама!

Құрметті _____, «Jusan Bank» АҚ сізге Дербес менеджер/Қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы _____ (ДМ/ҚКББ Т.А.Ә.) мобильді телефон нөмірінің _____ нөміріне өзгергені туралы хабарлайды.
Ізгі ниетпен, «Jusan Bank» АҚ

___ мырзаға/ханымға (Клиенттің тегі және инициалдары көрсетіледі)

___ (күні) ___ жылғы хабарлама!

Құрметті _____, «Jusan Bank» АҚ сізге
___ (күні) бастап, банктік қызмет көрсету мәселелері бойынша келесідей Дербес менеджерге хабарласа алатыныңыз туралы хабарлайды: _____ (ДМ Т.А.Ә.),
_____ (қызметтік электронды мекенжай), _____ (жұмыс телефонының нөмірі), _____ (мобильді телефон нөмірі), _____ (Банк бөлімшесінің нөмірі/атауы және мекенжайы көрсетіледі)
Ізгі ниетпен, «Jusan Bank» АҚ

___ мырзаға/ханымға (Клиенттің тегі және инициалдары көрсетіледі)

___ (күні) ___ жылғы хабарлама!

Құрметті _____, «Jusan Bank» АҚ сізге
___ (күні) бастап (бөлімшенің атауы) басшысы _____ (ҚКББ Т.А.Ә.) болатынын хабарлайды,
_____ (қызметтік электронды мекенжай), _____ (жұмыс телефонының нөмірі), _____
(мобильді телефон нөмірі көрсетіледі).
Ізгі ниетпен, «Jusan Bank» АҚ

*Дербес банктік қызмет көрсету туралы бас келісімнің
№ 4 қосымшасы*

Клиентке арналған жаднама:

Құрметті _____,

банктік қызмет көрсету мәселелері бойынша келесідей Дербес менеджерге хабарласа аласыз: _____ (ДМ Т.А.Ә.), _____ (қызметтік электронды мекенжай), _____ (жұмыс телефонының нөмірі), _____ (мобильді телефон нөмірі), _____ (Банк бөлімшесінің нөмірі/атауы және мекенжайы көрсетіледі).

Банктің қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы: _____ (Т.А.Ә.), _____ (қызметтік электронды мекенжай көрсетіледі).

Ізгі ниетпен, «Jusan Bank» АҚ

(Жеке электронды пошта/жеке мобильді телефон арқылы жіберілетін хабарлама
мәтіні)

Мен _____ (Т.А.Ә., ЖСН) _____ келесіні сұраймын
(қажеттісін таңдау қажет):

[1. ____ . ____ . ____ жылдан бастап, ____ . ____ . ____ жылға дейін қоса алғандағы кезеңде
карталық операциялар бойынша шектеулерді алып тастау/өзгерту:

- [банкоматтар арқылы қолма-қол ақшаны беру –
[әдепкі қалпы бойынша мәртебені қалпына келтіру (*тарифтер бойынша бастапқы
қалпына қайтару*)]
[шектеулерді алып тастау (*лимитсіз режим орнатылады*)]
[шектік соманы (лимитті) _____ дейін өзгерту (*соманы және валютаны
көрсетіңіз*)]¹

- [филиалдар/кассалар/бөлімшелер арқылы қолма-қол ақшаны беру –
[әдепкі қалпы бойынша мәртебені қалпына келтіру (*тарифтер бойынша бастапқы
қалпына қайтару*)]
[шектеулерді алып тастау (*лимитсіз режим орнатылады*)]
[шектік соманы (лимитті) _____ дейін өзгерту (*соманы және валютаны көрсетіңіз*)]

- [сатып алу² –
[әдепкі қалпы бойынша мәртебені қалпына келтіру (*тарифтер бойынша бастапқы
қалпына қайтару*)]
[шектеулерді алып тастау (*лимитсіз режим орнатылады*)]
[шектік соманы (лимитті) _____ дейін өзгерту (*соманы және валютаны көрсетіңіз*)]

- [Интернет операциялары³ –
[әдепкі қалпы бойынша мәртебені қалпына келтіру (*тарифтер бойынша бастапқы
қалпына қайтару*)]
[шектік сомаға (лимитке) дейінгі операцияларды жүргізуге рұқсат беру (*төменде
қараңыз*)]
[шектеулерді алып тастау (*лимитсіз режим орнатылады*)]
[шектік соманы (лимитті) _____ дейін өзгерту (*соманы және валютаны
көрсетіңіз*)]].]

[2. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде, әлемнің келесі
елдерінде/аумақтарында болған кезде жүргізілетін карталық операциялар бойынша
шектеулерді алып тастау: _____ (*елдің/аумақтың атауын көрсетіңіз*)
____ . ____ . ____ жылдан бастап, ____ . ____ . ____ жылға дейін қоса алғандағы кезең ішінде
қолданылады (*әрекет ету кезеңін көрсетіңіз*).]

¹ Осы хабарламаның мәтіні бойынша тік жақшада көрсетілгеннің барлығы қабылданады немесе талап етілетін қызметтің мазмұнына қарай хабарлама мәтінінен алынып тасталады. Хабарлама мәтінінен тік жақшада көрсетілген жекелеген тармақтарды/тармақшаларды алып тастаған кезде, қажеттілігіне қарай, хабарламаның келесі тармақтарының/тармақшаларының нөмірлеуін өзгерту қажет.

² сатып алу операцияларына осы жағдайда қызмет көрсету орнында төлем картасы ұстаушысының физикалық тұрғыдан болуын қарастыратын тауарларға/қызметтерге қолма-қол ақшасыз төлем жасалатын карталық операциялар жатады.

³ Интернет операцияларына (сатып алу операцияларының бір түрі) электронды коммерцияның карталық операциялары, пошта-телефондық тапсырыс әдісі арқылы жасалатын операциялар, қызмет көрсету орнында төлем картасы ұстаушысының физикалық тұрғыдан болуын қарастырмайтын операциялар жатады.

[3. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде, әлемнің келесі елдерінде/аумақтарында болған кезде жүргізілетін карталық операциялар бойынша шектеулерді қалпына келтіру: _____ (елдің/аумақтың атауын көрсетіңіз).]

[4. ___ күн кезеңіне _____ (соманы және валютаны көрсетіңіз) сомасына төлем картасы бойынша «қолма-қол ақша алу» операцияларына шығындар лимитін орнату/өзгерту (қажеттісін таңдаңыз).]

[5. «Jusan Bank» АҚ картасы бойынша «қолма-қол ақша алу» операциясына шығындар лимитін жою.]

Төлем картасының нөмірі (алғашқы алты санын және соңғы төрт санын көрсетіңіз):

							X	X		X	X	X	X				
--	--	--	--	--	--	--	---	---	--	---	---	---	---	--	--	--	--

(қосымша карта бойынша қызмет көрсету қажет болған жағдайда)

[6. ___ күн кезеңіне _____ (соманы және валютаны көрсетіңіз) сомасына «Jusan Bank» АҚ қосымша төлем картасы бойынша «қолма-қол ақша алу» операцияларына шығындар лимитін орнату/өзгерту (қажеттісін таңдаңыз). Қосымша төлем картасы ұстаушысының деректері: Т.А.Ә., ЖСН, төлем картасының нөмірі (алғашқы алты санын және соңғы төрт санын көрсетіңіз)

							X	X		X	X	X	X						
--	--	--	--	--	--	--	---	---	--	---	---	---	---	--	--	--	--	--	--

[7. «Jusan Bank» АҚ қосымша төлем картасы бойынша «қолма-қол ақша алу» операциясына шығындар лимитін жою. Қосымша төлем картасы ұстаушысының деректері: Т.А.Ә., ЖСН, төлем картасының нөмірі (алғашқы алты санын және соңғы төрт санын көрсетіңіз)

							X	X		X	X	X	X						
--	--	--	--	--	--	--	---	---	--	---	---	---	---	--	--	--	--	--	--

[8. Мобильді қосымшада __. __. __ жылдан бастап, __. __. __ жылға дейін қоса алғандағы кезең ішінде (әрекет ету кезеңін көрсетіңіз) депозиттік шоттан қолма-қол ақшасыз ақша аударымдарына шектік соманы _____ (соманы көрсетіңіз) дейін өзгерту.]

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамының _____ филиалы

**ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН КОНВЕРТАЦИЯЛАУҒА ӨТІНІМ
(жеңілдікті бағам бойынша)**

Жеке тұлғаның Т.А.Ә. _____

ЖСН _____

Пошта мекенжайы: _____

Телефоны _____

Резидент Бейрезидент

Сізден төменде көрсетілген шарттарда шетел валютасын конвертациялауды сұраймын:

1. Операция түрі:

- мәміле бағамы бойынша шетел валютасын сату.
- мәміле бағамы бойынша шетел валютасын сатып алу.

2. Валютаны есепке алуға және есептен шығаруға арналған банктік шоттардың деректемелері:

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамының _____ филиалындағы есептен шығаруға арналған № _____ ағымдағы шоты

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамының _____ филиалындағы есепке алуға арналған № _____ ағымдағы шоты

3. Сатып алынатын валютаны пайдалану мақсаты: _____ жылғы № _____

(депозиттік шарттың атауын көрсетіңіз) сәйкес ашылған Клиенттің № _____ банктік жинақ шотында орналастыру. ҚҚС-сыз.

4. Валютаны конвертациялау күні «__» _____ ж.

Есептен шығару сомасы*4	Есептен шығару валютасы (USD, EUR, RUR, KZT)	Конвертациялау бағамы	Есепке алу сомасы	Есепке алу валютасы (USD, EUR, RUR, KZT)

5. Валютаны конвертациялау үшін Клиент Банкке осы Өтініштің 2-тармағында көрсетілген Клиенттің шотынан Клиентке қосымша хабарламай-ақ шетел валютасын сатып алу/сату операциясын жүргізу үшін қажетті соманы тікелей дебеттеуге/есептен шығаруға сөзсіз келісім (күқық) береді.

6. Осы Өтініш валютаны конвертациялау үшін негіз болып табылады, бұл ретте, осы Өтініште белгіленген валютаны конвертациялау бағамын Банк орындайды, ал сатып алынған валюта нарықтық сауда-саттық нәтижелері бойынша қалыптасқан валюта бағамына қарамастан Клиент сатып алған болып табылады.

Өтінім беру күні «__» _____ 20__ ж. _____ қолы

БАНКТІҢ тарапынан қабылданды:

Банктің уәкілетті қызметкері _____

(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Мөртабан орны

«__» _____ 20__ ж.

* Шетел валютасын жеңілдікті бағам бойынша конвертациялау сомасы кемінде 500 000,00 (бес жүз мың) АҚШ долларын (теңгедегі баламасын) құрайды.